

единиц[9].

В целом в данной статье автор стремилась выявить и проанализировать яркие приметы языкового стиля М.И.Цветаевой и истолковать их семантику, исходя из широкого творческого контекста поэта. Контекст рассматривается как явление многоплановое, в котором взаимодействуют явления грамматического, лексического и фонетического уровней. Ведущей главной особенностью цветаевского контекста является семантическая неологизация лексики и влияние этого процесса на творческий контекст художника слова, в частности М.И. Цветаевой. Предпринята попытка рассмотреть неологизмы М.И. Цветаевой в свете положений теоретической стилистики профессора Х.Х.Махмудова и методики, предложенной в его работах.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- [1] Гарбуз М.Ю. Словообразование М. Цветаевой: формирование универсального языкового пространства // М.Цветаева: личные и творческие встречи, переводы сочинений. – М. – 2002. – С.223
- [2] Горчаков Г. Неизвестная Цветаева // Простор, Алматы. – 2003. – №8. – С. 23-25.
- [3] Джилкибаев Б.М. Наблюдения над языком и стилем Н.Н.Асеева. – Алма-Ата, 1965. – С.62
- [4] Зубова Л.В. Потенциальные свойства языка в поэзии М.Цветаевой. – Геликон-Плюс. – 2017. – С. 89,
- [5] Макашева С.Ж. Творческая концепция М.И.Цветаевой: онтология, концепция личности: дисс.... д-ра филолог. наук. – М. – 2006. – С. 378.
- [6] Маслова В.А. Поэт и культура: концептосфера Марины Цветаевой: Учебное пособие. М.: Флинта: Наука. – 2004. – 256 с.
- [7] Махмудов Х.Х. Русско-казахские лингвостилистические взаимосвязи. Алма-Ата. – 1970. – 370 с.
- [8] Цветаева М. Избранное. – СПб. – 2009.
- [9] Чарынская М.Ю. Структурно-семантические особенности лексико-синтаксических окказионализмов в идиолекте М.Цветаевой. Дисс. канд. филол.н. – Ростов-на-Дону. – 2019.

МРНТИ16.21.37

А.Ж.Аманбаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты
Алматы, Қазақстан

САЯСИ ДИСКУРС: ПРОСОДИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация. Қазіргі таңда дискурс жайында зерттеулер жасалып, оның ерекшеліктері анықталу үстінде. Осы орайда қоғам қайраткерлерінің сөзін жазып алып, просодикалық тұрғыдан зерттеу қажеттіліктен туындап отыр. Қоғам қайраткерлерінің сөзі саяси дискурсқа жатады. Яғни саяси дискурстың туындауына елдегі саяси жағдайлар, халықтың тұрмысындағы түйткілді мәселелерді шешуге әрекет жасау немесе халық пен үкімет арасындағы туындаған наразылық шараларына байланысты сұрақтарға жауап беру және оның шешілуіне әрекет ету негіз болады. Осы мәселелерді жүзеге асыру үшін талқылау, саралау қажет. Яғни саяси дискурс саясат арқылы жүзеге асады да ел арасындағы мәселелер тақыланып, сараланып оңтайлы шешім шығарудың негізіне айналады. Мақалада саяси дискурстағы просодикалық ерекшеліктер және оның прагматикалық қызметі жайында сөз болады.

Тірек сөздер: просодика, интонация, дискурс, прагматика, орфоэпия.

А.Ж.Аманбаева

Ведущий научный сотрудник Института языкознания им. А. Байтұрсынұлы,
кандидат филологических наук.
Алматы, Казахстан

ПОЛИТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС: ПРОСОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ И ПРАГМАТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Аннотация. В настоящее время проводятся исследования дискурса, уточняются его особенности. В этой связи необходимо исследовать выступления общественных деятелей с просодической точки зрения. Речь общественных деятелей относится к политическому дискурсу. То есть основой возникновения политического дискурса является политическая ситуация в стране, попытка решения проблемных вопросов, возникших между народом и правительством. Для разрешения этих проблемных ситуаций необходимо их обсуждать и анализировать. То есть, политический дискурс будет реализовываться через политику и станет основой оптимального разрешения проблем народа путём обсуждения и анализа.

Ключевые слова: просодика, интонация, дискурс, прагматика, орфоэпия.

A.ZH.Amanbaeva

Leading researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Candidate of Philological sciences.
Almaty, Kazakhstan

POLITICAL DISCOURSE: PROSODIC FEATURES AND

PRAGMATIC ACTIVITIES

Annotation. Currently, research is being conducted on the discourse; its features are being clarified. In this regard, it is necessary to study the speeches of public figures from a prosodic point of view. The speech of public figures refers to political discourse. In other words, the basis for the emergence of political discourse is the political situation in the country, an attempt to resolve problematic issues that can arise between the people and the government. To resolve these problematic situations, it is necessary to discuss and analyze them. Thus, political discourse will be implemented through politics and will become the basis for optimal resolution of people's problems through discussion and analysis.

Keywords: prosodics, intonation, discourse, pragmatics, orthoepy.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде дискурс ұғымы жан-жақты әр қырынан зерттеліп келеді. Жалпы дискурс ұғымы коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан алғанда мән-мағынасы кең ұғымды береді. Өйткені адресант пен адресат арасында туындайтын сөйлеу коммуникациясының жүзеге асуы прагматикалық жағынан адам санасындағы аялық біліммен тікелей байланысты. Дискурс ұғымы коммуниканттардың ойлау-сөйлеу дағдысымен байланысты болғандықтан, айтушының танымы мен әлем туралы білімі негізгі рөл атқарады. Ғалымдар дискурс туралы әртүрлі ой айтады. Бірі дискурсты тек қана сөйлеу коммуникациясының орын алуы десе, ал кейбірі дискурс ұғымының өте кең екенін айтады. Яғни дискурста айтылған мәселелердің жүзеге асуы мен шешімі де негізге алынады. Осы орайда Фердинанд де Соссюр мен Н.Д.Арутюнова дискурсты тек күнделікті қарым-қатынас, яғни «тіл – сөйлеу тілі – тілдік қатынас» ретінде адресант пен адресат арасындағы сөйлеу коммуникациясы дегенді ұстанады [1].

Тіл мен сөйлеудің ара-жігін ажыратып, олардың әрқайсысына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсеткен Фердинанд де Соссюр еңбегін кейінгі лингвистер одан әрі дамытып, тіл мен сөйлеудің ерекшелігіне баса назар аударады. В.А.Звегинцев тіл мен сөйлеуге қатысты ерекшеліктерді саралай келе, тілді – жалпы, абстрактылы, маңызды, қалып, психикалық, құрылым, жүйе, инвариант, қалыпты қолданыс, тұтас, әлеуметтік, код десе, ал сөйлеуді – жеке, нақты, іске асу, құбылыс, негіз (субстанция), физикалық, бақылаушы нысан, мәтін, вариант, өзгермелі, өздік, қолданысқа түсу, хабар тарату [2,18 б.] – деп өзара айырмашылығын ажыратып көрсеткен. Яғни тіл адамның танымы, білімі арқылы қалыптасқан жүйе болса, ал сөйлеу (речь) жинақталған ойдың, сөздің жарыққа шығуы. Әрбір сөйлесім ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Сондықтан сөйлеу әрекетінің бірнеше қызметі қалыптасқан. Ол – біріншіден, хабар тарату (сообщение); екіншіден, үгіт-насихат, іске қозғау салу; үшіншіден, сезімге әсер ету [3]. Яғни сөйлеу әрекетінен дискурс туындайтыны анық. Осы орайда Т.Ван Дейк дискурсты прагматикалық жағынан қарастыра отырып, дискурс орнау үшін әрбір сөйлемнің мағынасын түсіну жеткіліксіз, яғни ойдың ұшқырлығы, білім

аясының кеңдігі қажет екенін айтады.

Жалпы алғанда дискурстың толық жүзеге асуы коммуниканттардың танымымен, әлем туралы жалпы түсінігімен байланысты. Сондай-ақ дискурсты тұңғыш рет прагматикалық тұрғыдан қарастырған ғалымдардың бірі – Ч.Моррис семантика, синтактика, прагматиканың бірінен бірі туындайтындығын айтып, оны семиотика ұғымына жатқызған. Ғалым семиотиканың негізінде дискурстың жүзеге асатынын айтады. Дискурсқа бару үшін тіл жүйесінің тетігін (код) табу керек. Ол үшін білім аясы (фоновые знание – Н.Уәлиев) мен экстралингвистикалық фактор қалыптасу қажет.

Сөйлеу коммуникациясы мен дискурстың атқаратын қызметін анықтау барысында олардың бірдей, тең дәрежеде іске асатындығы көрінеді. Осы орайда профессор Н.Уәли қазақ тіл білімін зерттеу барысында ауызша сөйлеу кезіндегі және жазба мәтіндегі дискурстың ерекшелігін ашып береді: «Субъектінің сөз әрекетінің, яғни тілді қарым-қатынас үшін қолдану әрекетінің нәтижесінде дискурс/мәтін құрастырылады. Басқаша сөйлеуші/жазушы сөз бірліктері арқылы айтылым, дискурс/мәтін жанр түрінде белгілі бір мағынаны тілдік бірліктер арқылы кодқа салынады, ал тыңдаушы/оқырман сол аталым, дискурс, мәтін түрінде тілдік бірліктер арқылы кодқа салынған мағыналарды (ой мен сезімді) ашады, тіпті тілдік кодты ашып қана қоймайды, сөз әрекетінің нәтижесі болып табылатын коммуникативтік бірліктердің мән-мағынасын интерпретациялайды» [4]. Ал В.И.Карасик қазіргі ғылымның дамуының нәтижесінде дискурстың бірнеше ғылым салаларымен, айталық, прагматика, лингвофилософия және мәтін лингвистикасымен байланыстылығын және осы салалардың зерттеу нысанына айналып бара жатқанын және дискурстың шешендік, ғылыми, поэтикалық, саяси т.б. түрлерінің бар екенін айтады. Сондай-ақ мәтін мен дискурстың айырмашылығын көрсетіп, мәтіннің үнемі статикалық күйде, ал дискурстың үнемі динамикалық деңгейде болатынын атап өтеді [5, 5-20].

Ал Қ.Есенованың еңбегінде: «мәтінге қарағанда дискурс лингвистикалық компоненттерден тұратын күрделі коммуникативтік бірлік» деген тұжырым жасайды [6].

Дискурстың ең басты ерекшелігі ретінде тек адресант пен адресаттың бірін-бірі түсіне алуы деп қарамағанымыз жөн. Өйткені қазіргі БАҚ-ғы таралып жатқан ақпараттар, телеарналар мен ғаламтор желісіндегі сан қилы хабарлар арқылы тыңдарманның бар екенін ескерер болсақ, сахнадағы айтылған сөзге көрерменнің де ықпалы бар екендігі даусыз. Осы орайда дискурс көрерменге түсінікті, қабылдауына ұғынықты болуы үшін просодикалық тәсілдердің де ықпалы зор. Сондықтан қай дискурсты алсаңыз да сөйлеуші мен тыңдаушы арасында мақұлдау немесе келіспеу сияқты өзіндік пікірдің болатынын байқаймыз. Сондай-ақ сөйлеу кезінде адресант пен адресаттың сөйлеген сөзінен сөйлеу мәдениеті де байқалады. Сөйлеу мәдениеті деп біз сөздерді сөйлеудің дұрыстығын, қатынастық лайықтылығын, дәлдігін, ойға қонымдылығын, анықтығы мен түсініктілігін, тазалығын, мәнерлілігін, әр түрлілігін, естілуге жағымдылығы мен орындылығын айтамыз [7].

Жалпы дискурс саясатпен тығыз байланысты. Осы орайда А ван Дейк «Дискурс сананы бақыласа, ал сана әрекетті бақылайды» деп дискурстың прагматлингвистикалық жағынан байланыстылығын көрсетеді. Дискурс ықпал етуге бағытталғандықтан, саяси дискурста ерекше көрініс табады. Әсіресе саясаткерлердің дискурсына үкімет мәжілісінде, парламенттің сессиясында, саяси партиялардың съезінде жүзеге асатын дискурсты айтамыз. Яғни қоғамда болып жатқан мәселелерді қозғау, өзіндік ой-пікір білдіру саяси дискурстың нысанына жатады.

Осы орайда В.Д.Ольшанский: «Саяси дискурс дегеніміз саяси тақырыптар аясында сөз қозғап саяси шешім шығаруға негіз болатын саяси процесс пен саяси тілдің жарыққа шығу нәтижесін айтамыз» [8].

Саяси дискурстың туындауына елдегі саяси жағдайлар, халықтың тұрмысындағы түйткілді мәселелерді шешуге әрекет жасау немесе халық пен үкімет арасындағы туындаған наразылық шараларына байланысты сұрақтарға жауап беру және оның шешілуіне әрекет ету негіз болады. Осы мәселелерді жүзеге асыру үшін талқылау, саралау қажет. Яғни саяси дискурс саясат арқылы жүзеге асады да ел арасындағы мәселелер тақыланып, сараланып оңтайлы шешім шығарудың негізіне айналады.

Саяси дискурстың негізі идеология арқылы жүзеге асады. Ал идеологияны жүзеге асыруда пресуппозицияның орны ерекше. Пресуппозиция ағылшынның «presupposition» яғни, «алдын ала жасалған болжам» деген мағына береді. Яғни пресуппозиция ақпарат алушының белгілі бір мәселе жайындағы ақпаратты алдын ала болжауы және сол жайында аялық білімінің болуы деген ұғыммен байланысты болып отыр. Прагматикалық пресуппозицияны белгілі болу, яғни сол хабарды тыңдаушының жақсы біліп, түсіне алуы, әрі коммуникацияға дейінгі қарым-қатынасты қалыпқа келтіруі ретінде түсінеміз. Осындай белгілі бір ортақ түсінік болу үшін адам санасында дүние жайында ақпараттар қалыптасуы қажет.

Жалпы саяси мәселелерді шешуде саяси дискурстың рөлі зор. Яғни саясат белгілі бір қозғалған мәселелердің шешімін шығаратын болса, ал саяси дискурста саралау, ойлау, талқылау негізге алынады. Сондықтан зерттеуге белгілі саясаткер, қоғам қайраткері Б.Тілеуханның ұлттық арнаға берген сұхбатын, яғни дискурсын, ондағы просодикалық ерекшеліктерді алып отырмыз.

→Жылдар, →өткенгүндер | ыыы жаңағы ↑өмірден көрген қоқайларың↓
| →шындада кейбір сәттерде → | іі тым ашылып →қалмауға итермелейд....
↓↑Сондықтан да↓ | сол соқпақпен жүргеннен гейін → | сол | ↑Абайдың жолұн↓
→қандай да ғалым ұстаңғаннан гейін↑ | →оның басына өтүүге тійісті нәрсе↑
| →біздің де басымыздан өткен соң оқыдым, ↓| түсүндім, ↓ / ↑түсүмбейтін
несі бар ↓| деген нәрсені ↑| шын мәнінде→ | түк түсүмбегенсің. ↓ Көп нәрсе
→| басынан өткенгезде↑ |→ ыыыы жаныңнан сығымдап,↑ | жүрөгіңнен ↑ /
өзүң қарабасыңнан ↑| өткөн гезде барып → | шын мәнінде ↑| терең
түсүнүпбарып→ | түсүнесіс. ↓

Белгілі саясаткер Б.Тілеуханның дискурсы астарлы ойға негізделген. Сондай-ақ өмірден алған тәжірибесі жайындағы ішкі ойы терең толғаныспен айтылған. Әсіресе өмірге Абайдың көзімен қарауға тырысқандығы және бұрынғы мен қазіргі заманды ой елегінен өткізе отырып, өзіндік көзқарасын білдіруі де саясаткердің діттеген мақсатына жету жолындағы ойы болса керек.

↓*Кейбір нәрсені* ↑| *айтұу бар*, ↓| *түсінүү бар* ↓| *бірақ түйсінүү*, ↑*сезінүү деген* ↑| *басқа нәрсе*. ↓ *Ілім*, →*білім оққумен*→ *келет дейт*↓ | *ал даналық* ↑| *тәжірибемен келет дейт...* ↓ | *ал тәжірибеңе* ↑| *өмірден гөрген*→ *таяғың дейт*. ↓| *Бұрұңғы гезде*↑ | *бір қоғамда* →*болып атқан нәрсенің* ↑| *ешқайсына*↑*бейжай гарай алмай* →| *мысал үшүн*→ | *доданың ішіне* →| *күмп етіп түсүн* ↑| *кететін едік*↓

Бұнда саясаткер терең тоғаныспен өзінің өмірдегі көргендерін сарапқа салып, астарлы ойы арқылы көрерменге жеткізуді діттегені көрініп тұр. Әсіресе әрбір синтагманың аралығына кідіріс жасап, логикалық екпін түсіру арқылы ойын нақты әрі дәл жеткізе білген.

...*Бұрұңғыдай*↑ | *кіріп қажеті жоқ*→ | *мына көлөңкелі жағында*→ | *жібімес үлкөн* →| *тоңдыгөрдім* ↓| *оган менің сүйемелімнің* →*шамасы гелмейт*, ↓ | *ол жерде* ↑| *құр арамтер боласың*, ↓ | →*оны өзгертуу мүмкін емес*, | *ал бұрұн* ↑| → *өзгертуге болат деп ойлайтынмын* ↓ | →*оны өзгертуу мүмкүн емес*↓| *бүкүл қоғам өзгермей*,...↑ | *қоғамдық сана өзгермей* ↑| *әр нәрсенің*→ | ↑*өзінің салдары бар* ↓ | →*ығы бізге дейін қалыптасқан* → | *өзі бір нәрсеге* ↑| *жақсы түбөгейлі сараптама жасап* ↑| *анализ беру үшін*↑| *тарихқа үңіләсің* ↓| *өткөн кеткеніңе үңүләсің...* ↓

Бұл диалогтан байқалғаны, қазіргі қоғамда болып жатқан саяси мәселелердің шешілмей жатқанын тебіреніспен айта отырып, ерекше интонациямен бере білген. Әсіресе «*оны өзгертуу мүмкін емес*» деп қайталауының өзі автордың ішкі тебіренісін көрсетеді. Сөйлем басында тиянақсыз интонемамен басталып, әрбір синтагмада әуеннің бірде көтеріліп, бірде түсуі және кейбір тұсында бірқалыпты айтылуы және хезитациялық кідірістің туындауы автордың өзіндік сөйлеу стиліндегі ерекшелік деуімізге болады.

Қоғам қайраткері Б.Тілеуханның дискурсында просодикалық жағынан ерекшелік байқалады. Сөйлеу барысындағы бір ерекшелік тілі жатық, орфоэпиялық норма жақсы сақталған. Әсіресе өз ойын терең мағыналы сөздермен жеткізуі және тыңдаушыға ой салу мақсаты көзделгені көрініп тұр. Сөйлеу барысында саясаткер өзінің ойында жүрген, шешуі қиын мәселелерді сөз ете отырып, оны шешудің жолын іздегендігі көрінеді. Бұл дискурстан байқалғаны сөз басында әуен көрсеткіші баяулап барып, сөз ортасында көтерілгені және сөйлем аяқталар тұста логикалық екпін түсуі байқалды. Сонымен қатар дауыс үдемелігі сөз басында күшейіп, аяғына қарай бәсеңдей түседі. Автор өзінің ойын жинақтау барысында хезитациялық кідіріс жасаған. Аудиторлық және электракустикалық зерттеу нәтижесі көрсеткендей, саясаткер Б.Тілеуханның дискурсында орфоэпиялық заңдылықтың және просодикалық ерекшеліктің сақталғаны көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: 1990. – С. 688.
- [2] Звигинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М.: 2001. – 312 б.,
- [3] Гойхман О.Я., Надеждина Т.М. Основы речевой коммуникаций. – М.: 1997. – 269 с.
- [4] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері // филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. – 300 б.
- [5] Карасик В.И. О типах дискурса // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс. Сб. Научных трудов. – Волгоград, 2000. – С.5-20.
- [6] Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007.
- [7] Турабаева Л. Сөз қолдану мәдениеті және тіл тазалығы // «Тілтаным» журналы. – Алматы, 2019. – №4.
- [8] Ольшанский В. Д. Основы политической психологии. – Екатеринбург, 2001. – С. 496.

МРНТИ16.21.31

Ж.Т. Жұмабаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты
Алматы, Қазақстан

КӨРКЕМ ДИСКУРСТАҒЫ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІҢ СИПАТЫ МЕН КӨРІНІСІ

Аннотация. Көркем дискурста кідірістің сақталуы, логикалық екпіннің дұрыс қойылуы, дауыс ырғағының келтіріліп оқылуы сияқты интонациялық компоненттердің ерекшелігі айрықша көрінеді. Бұдан көркем дискурста кідіріс, қарқын, әуен, үдемелілік және әуез сияқты интонациялық компоненттердің барлығы кеңінен қолданылатыны байқалады және мәтінді мәнерлеп ауызша оқыған кезде оның бояуы мен әсері де күшейе түседі. Осымен байланысты мақалада соғыс жылдарындағы ауыл өмірі мен ауыр тұрмысты және қажырлы еңбекті, адамгершілікті сөз ететін С.Мұратбектің «Жабайы алма» повесінен алынған қысқаша мәтінге аудиторлық талдау жасалды және талдау жасау барысында интонациялық компоненттердің